

Қазақстан мектебі



1925 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒЫП КЕЛЕДІ



№9
қыркүйек

2015

90
ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Жаңа оқу жылына — тың ізденіспен

Т. Исмайлов. Білім сапасы — басты назарда болса игі.....	3
Е. Ашимов. Егер жолда доп жатса.....	7
Қ. Қансұлтанова. Білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізу керек.....	10
Ә. Тоқпенбетова. Жаңа тәсілдер — сапалы және табысты оқыту негізі.....	12
К. Абуова. Құзыреттіліктерді қалыптастыру — жеке тұлғаны дамытудың басты кепілі.....	13
А. Аманқұлова. Білім беру үрдісіндегі инновациялық технологиялар.....	16
Ә. Асанова. Мектептегі жаңа форматтағы жұмыс — бүгінгі күн талабы.....	17
О. Оразғалиева. Өнердегі жетістік — ұстаздың жемісі.....	20
Х. Атабаева. Функционалдық сауаттылықты дамытудың әдіс-тәсілдері.....	22
А. Қасыбаева. Адамгершілік — рухани тәрбиенің қайнар көзі.....	26
Г. Тілеумұханова. Lesson study — іс-әрекетті зерттеу сабағы.....	27
Г. Жайылғанова. Шешендік өнер — өнердің ең асылы.....	29
С. Матаева, Р. Сыздықбаева. Шеберлікке жетуге рефлексияның маңызы.....	31
У. Серикбаева. Фразеологизмы с элементами цветообозначений на материале казахского языка.....	33
С. Мұхамбетова, Ф. Бақытова. Инклюзивті білім беру негізінде тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушыларды оқыту.....	35
И. Перережко. Обеспечение преемственности в процессе обучения ребенка на первой ступени общего среднего образования.....	37

Жарнама — Реклама

<i>Ментальная арифметика в Казахстане</i>	41
---	----

Арнаулы орта оқу орындарында

А. Уразбаева. Кәсіптік, рухани және азаматтық тәрбиені дамытайық.....	43
А. Айсадықова. Қазақстан халқы ассамблеясы — еліміздегі тұтастықтың тұтқасы.....	45
Т. Қабдығалиева. “Құтты білік” — түркі әлемінің ұлы мұрасы.....	48
Ә. Чынахунова. Хандық дәуір — ата заңның бастауы.....	55
К. Әшірова. Тіл — халықтың күретамыры.....	56

Ғылыми кітапханаларда

Л. Бектібаева. Дәуірдің дара ұстазы.....	61
А. Өтешова. “Балдәурен балалық шақ”.....	63

ДӘУІРДІҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

Лиза БЕКТІБАЕВА,
республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың
оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімшесі басшысы

Данышпан Абай ақын бір ғасырдан аса уақыт бұрын «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан», «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген еді. Осы екі сөзден ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздың ерекше орнын аңғарамыз. Осындай ұстаздардың бірі де бірегейі КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Кұрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім, ҚР білім беру ісінің қайраткері, Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, республикалық ғылыми-әдістемелік атаулы зертхана жетекшісі болған білім мен тәрбие берудің білгірі, жаңашыл педагог, ұлағатты ұстаз **Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева**.

Жуырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының туғанына 70 жыл (1.05.1945–9.09.2014 ж.) толуына арналған «Дәуірдің дара ұстазы» атты еске алу кеші болып өтті.



Қанипа Омарғалиқызы Бітібаева 1945 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылында дүниеге келген.

1968 жылы Семей педагогикалық институтын бітіріп, 1968–1980 жылдары Шығыс Қазақстан облысы «Жетіарал» мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1980 жылдан өмірінің соңына дейін Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-лицей-интернатында мұғалім болып қызмет атқарды.

1991 жылы Өскемен қаласында Қанипа Бітібаеваның республикалық атаулы мектебі ашылды.

Осы кезеңдерде Қанипа Бітібаева ұстаздардың ұстазы, халық мұғалімі атанды. Жас ұрпақты тәрбиелеудің үздігі Қанипа Омарғалиқызының іс-тәжірибесімен республикамыздың аймақтарынан орта мектептің мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары тәжірибе алмасу

үшін арнайы келіп дидарласты. Алыс-жақын шетелдерден (Ресей, Қытай, Түркия, т.б.), Астанадан, Алматыдан келген қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың, ғалымдардың бәрінің де Қанипа Омарғалиқызының зертханасына келуі дәстүр болып қалыптасты. Қ.Бітібаеваның есімі, атағы республика жұртшылығынан асып, ТМД елдеріне дейін жайылды.

Қанипа Омарғалиқызының жаңашыл тәжірибесі Шығыс Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарында, өзі барып тәжірибеден өткен Америка, Моңғолия, Мәскеу сияқты өлкелерде сынақтан өтіп жоғары баға алды. 1991 жылы АҚШ-тың Аризона штатының Тусон қаласында болған іссапары қорытындылары; шетелдердегі (Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей) қазақ мектептерінде пайдаланып жүрген оқулықтары, оқу құралдары саналы өмірін халыққа қызмет етуге арнаған абзал жанның қайраткерлік тұлғасын даралай түседі.

Қанипа Бітібаева АҚШ-тың Аризона штатындағы Тусон қаласының «Құрметті азаматы», Моңғол Халық Республикасының «Даңқты ұстазы» болып қайтты. Оның еңбектерімен ЮНЕСКО-да таныс. Ол бірқатар жоғары оқу орындарының «Құрметті профессоры».

Педагогикалық үздік еңбек нәтижелері үшін КСРО оқу ісінің үздігі, Шығыс Қазақстан атырабындағы тұңғыш бүкілодақтық Н.К.Крупская медалінің және Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, ал 1990 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Мұғалімдер арасынан Кеңес Одағы бойынша 5-ші, ал Қазақстандағы 1-ші лауреат атанды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атақтарын алды.

«Ажар – сто женских лиц» атты энциклопедиялық журналда «Аты аңызға айналғандар» номинациясына кірген 10 әйелдің бірі болуы да ұстаз Қанипа Бітібаеваға көрсетілген құрметтің бірі деп білеміз.

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің өкімімен 2013 жыл облыста ұстаз «Қанипа Бітібаева жылы» деп жарияланды.

Қанипа Бітібаеваның қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіру бағытындағы ізденістері, іс-тәжірибелері жөнінде бірнеше кітабы, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Әдебиетті оқыту әдістемесі» оқулығы, қазақ әдебиеті тарихын оқыту мәселелері жөніндегі еңбектері жарық көрген. Қанипа Омарғалиқызының іс-тәжірибесі жөнінде бірнеше оқу фильмдері түсірілген. Қанипа Бітібаева туралы 2004 жылы «Дәуірдің дара ұстазы» атты киноочерк жарыққа шықты.

Әдіскер ғалым-ұстаздың 100-ге тарта ғылыми-әдістемелік мақалалары, 32 кітабы жарық көрген. Бүгінде Қанипа Бітібаеваның 15 монографиялық еңбегі, 6 оқу курсы республика оқу орындарындағы барлық ұстаздар үшін бірден-бір таптырмайтын көмекші құралға айналып отыр.

Қанипа Омарғалиқызы осындай жемісті өмір кешіп, шығармашылық еңбегіне 45 жыл толғанда 2014 жылдың 9-шы қыркүйегінде 69 жасында өмірден өтті. Ол кісі көзі тірі болғанда биылғы 2015 жылы еске алу кешін емес, 70 жылдық мерейтойын атап өтер едік.

Кешке Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы профессоры, педагогика ғылымының докторы, халықаралық білім беру академиясының академигі Жұмажанова Төкен Қонысбайқызы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстан суретшілер одағының жауапты хатшысы, философия ғылымының кандидаты Берістен Жанарбек Таниғазыұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы доценті, педагогика ғылымының кандидаты Қабатай Бидана Тұрсынханқызы қатысып, «Қанипа Бітібаеваның әдебиетті жаңа технологиямен оқытудағы рөлі», «Қанипа Омарғалиқызының әдіс-

керлігі туралы», «Қазақтың Қанипасы» тақырыптарында сөз сөйлеп, Қанипа Омарғалиқызының өмірі, ұстаздығы, әдіскерлігі туралы өз ойларын ортаға салып, тыңғылықты, қызықты етіп айтып берді.

Қанипа Бітібаеваның өмірі мен қызметі туралы республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова қысқаша хабарлама жасады.

«Дәуірдің дара ұстазы» еске алу кешін осы кітапхананың қызметкері Әлия Оразова жүргізді.

Кітапхана осы кешке арнап Қанипа Бітібаеваның өмір жолы мен еңбектеріне арналған «Ұстаздардың ұстазы – Қанипа» атты 3-бөлімді кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кешке Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері мен ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысып, кештен жақсы әсер алып қайтты.

Өскелең ұрпақтың отаншыл болуына, жері мен тілін жанындай сүйеге тәрбиелеп, күш-жігері мен таудай талабын білім беруге арнаған үлгілі, тәжірибелі ұстаз, танымал тұлға, оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған ұстаздардың ұстазы Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмайтыны ақиқат.